



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *520*

город Астана

**«Астана медицина университеті»
акционерлік қоғамының 2017 жылғы
шоғырландырылған жылдық
қаржылық есептілігін бекіту
және таза табысын бөлу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7), 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі мен вице-министрлерінің арасында міндеттерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 423 бұйрығына, «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамы Жарғысының 83-тармағының 11) және 12) тармақшаларына және 157-тармағына, «Астана Эксперт Аудит» ЖШС тәуелсіз аудиторының 2018 жылғы 03 мамырдағы есебіне, «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі отырысының 2018 жылғы 19 шілдедегі № 5 хаттамасынан үзінді көшірмеге және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2018 жылғы 9 тамыздағы № КГИП-5-5951-КГИП-3067 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2017 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі (010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 49 А, БСН: 080940008218, ЖСК: KZ47998ВТВ0000002926, «Цесна банк» акционерлік қоғамы, БСК: TSESKZKA);

2) 2017 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның 71 614 000 (жетпіс бір миллион алты жүз он төрт мың) теңге мөлшеріндегі таза табысын төмендегідей бөлу тәртібі:

35 807 000 (отыз бес миллион сегіз жүз жеті мың) теңге сомасындағы таза табыстың 50 (елу) пайызы Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтерді төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

35 807 000 (отыз бес миллион сегіз жүз жеті мың) теңге сомасындағы таза табыстың 50 (елу) пайызы Қоғамның иелігінде қалдырылсын;

3) 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің 23 (жиырма үш) теңге 75 (жетпіс бес) тиын мөлшері бекітілсін.

2. Қоғам Басқармасының төрағасы:

осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтердің республикалық бюджеттің кірісіне аударылуын қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және активтер департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау вице-министрі**



Л. Ақтаева



БҰЙРЫҚ

28 августа 2018г

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

520

город Астана

**Об утверждении консолидированной
годовой финансовой отчетности и
распределении чистого
дохода акционерного общества
«Медицинский университет Астана» за 2017 год**

В соответствии с подпунктами 7), 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», подпункта 3) пункта 2 статьи 177 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», пунктом 3 постановления Правительства Республики Казахстан от 26 июля 2007 года № 633 «О дивидендах на государственные пакеты акций и доходах на государственные доли участия в организациях», приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 9 июля 2018 года № 423 «О распределении обязанностей между министром и вице-министрами здравоохранения Республики Казахстан», подпунктами 11) и 12) пункта 83 и пунктом 157 Устава акционерного общества «Медицинский университет Астана», отчетом независимого аудитора ТОО «Астана Эксперт Аудит» от 03 мая 2018 года, выпиской из протокола заседания Совета директоров акционерного общества «Медицинский университет Астана» от 19 июля 2018 года № 5 и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 9 августа 2018 года № КГИП-5-5951-КГИП-3067, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) консолидированную годовую финансовую отчетность акционерного общества «Медицинский университет Астана» (далее – Общество) за 2017 год (010000, город Астана, район Сарыарка, ул. Бейбитшилик, 49 А, БИН: 080940008218, ИИК: KZ47998ВТВ0000002926, акционерное общество «Цесна банк», БИК: TSESKZKA) согласно приложению к настоящему приказу;

2) порядок распределения чистого дохода Общества по итогам 2017 года в размере 71 614 000 (семьдесят один миллион шестьсот четырнадцать тысяч) тенге следующим образом:

50 (пятьдесят) процентов от чистого дохода в сумме 35 807 000 (тридцать пять миллионов восемьсот семь тысяч) тенге направить на выплату дивидендов на государственный пакет акций Общества в доход республиканского бюджета;

50 (пятьдесят) процентов от чистого дохода в сумме 35 807 000 (тридцать пять миллионов восемьсот семь тысяч) тенге оставить в распоряжении Общества;

3) размер дивиденда по итогам 2017 года в расчете на одну простую акцию Общества 23 (двадцать три) тенге 75 (семьдесят пять) тиын.

2. Председателю правления Общества:

в течение десяти календарных дней со дня подписания настоящего приказа обеспечить перечисление дивидендов по государственному пакету акций Общества в доход республиканского бюджета;

в течение десяти рабочих дней со дня подписания настоящего приказа отчета обеспечить направление электронного отчета в организацию осуществляющую деятельность по ведению депозитария финансовой отчетности;

в течение десяти рабочих дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать его в средствах массовой информации.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Департамент государственных закупок и активов Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

4. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества и вступает в силу со дня его подписания.

**Вице-министр здравоохранения
Республики Казахстан**



Л. Актаева